


Өмнө хэвэв




Фонд үндэсний Агуу түүхийн үндэс

Хөвөр хэвэв




сэтгэлтэй



Мэргэжлийн хэвэв эсвэл.  
Байгалийн түүхийн, дүнсгүүрээр хэвэв түүхийн.



архитектор.



Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі

**«Толеранттылық деген не?»**  
Жұмыс түрі: (психокоррекциялық сабақ)  
(8-11 сыныптар)

2024 оқу жылы

## №11 Тақырып «Толеранттылық деген не?»

### Мақсаты:

- Толеранттылық ұғымын және толеранттылықтың және интолеранттылықтың негізін түсінуге қатысушыларды таныстыру;
- басқа адамдардың және өзін толық, яғни қанық (адекватты) тануын дамыту.

### «Толеранттылық ұғымы»

Толеранттылық – бұл өзгені сыйлаушылық, өз лебіңді білдіру түрлерін көрсете білу және адамдық білдіру амалдарын көрсету.

«Толеранттылық» сөзінің анықтамасы жер шарының әр жерінде әртүрлі болып келеді екен:

- Испанша – өз идеяң мен ойыңнан да озықтары барын біліп, мойындау қабілеті;
- Французша – саған қарағанда басқалардың да сенен басқаша ойлап немесе әрекет жасауға болатынын білдіретін қарым-қатынас;
- Ағылшынша – төзімді, мейрімді болуға дайын болу;
- Арабша – кешіру, кішіпейілділік, жұмсақтық, қайырымдылық, рахымдылық, ізгі ниеттілік, шыдамдылық, басқаларға ыңғайлы күйде жайғасу;
- Орысша – не нәрсеге де немесе кімге де болса шыдамдылық (ұстамды, майталман, табанды, не нәрсенің немесе кімнің болса да бар екендігіне төзімділік таныту) қабілеті.

### Жаттығулар жасау

#### «Сапқа тұру» жаттығуы

Қатысушылар сан түзеп, екі-екіден бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Жүргізушінің міндеті – саптың арасынан өтіп кету. Жүргізуше рөлінде топ мүшелерінің барлығы болғаны жөн.

#### «Мен кімін?» жаттығуы

Жүргізушілер қатысушыларға ойша мынадай сұрақ қоюларын ұсынады: «Мен кімін?» Осы сұраққа жауап беруші, алдын ала әзірленген суреттер мен киындылардан коллаж құрастырады.

#### «Тұлғаның толеранттылығы және интолеранттылығы» жаттығуы

**Интолерантты адам** – айналасындағы ақиқаттың арасында өзін жағымсыз сезінетін, билікке ие болғысы келетін, салт-дәстүр мен қарама-қарсы көзқарастарды қабылдағысы келмейтін тұлға. Интолерантты тұлғалар дүниені екіге бөледі: қараға және аққа. Олар үшін аралық түстер жоқ және бәрі жақсы және жаман болып екіге бөлінеді.

**Толерантты адам** – өзін-өзі жақсы біледі, қоршаған ортасында өзін жайлы

сезінеді, басқалардың жағдайын жақсы түсінеді, үнемі өзгелерден көмегін аямайтын, басқа да салт-дәстүр мен мәдениетке игі ниетпен қарайтын тұлға.

Енді мына сөздерді екі бағанға бөліп-бөліп жазу керек, бірінші бағанға толерантты адамның, екіншісіне интолерантты адамның қасиеттері толтырылады: шыдамдылық, әзіл-ысқақ сезімімен, түсінбеушілік, басқалардың ой-пікірін құрметтеу, менсінбеу, өзімшілдік, мейірімділік, өзін-өзі ұстай алу, шыдамсыздық, қалай болса солай қараушылық, ашушаңдық, әңгімелесушісінің сөзін тыңдау, селқостық, түсіну және қабылдау, білуге құмарлық, адамгершілік (гуманизм).

| Толерантты тұлға                       | Интолерантты тұлға   |
|--|----------------------|
| Шыдамдылық                             | Түсінбеушілік        |
| Әзіл-сықақ сезіммен                    | Менсінбеушілік       |
| Басқалардың пікірімен санасу және т.б. | Өзімшілдік және т.б. |

### «Сықырлы сәкі» жаттығуы

**Мақсаты:** толерантты адам болу үшін, қатысушыларға қандай қасиеттер жетіспейтіндіктерін түсінуге мүмкіндік беру.

Өте ғажайып заттарды сататын сықырлы сәкі бар деп қатысушыларға айтылады: ондай заттар: шыдамдылық, кішіпейілділік, басқалардың жағдайымен санасу, әзілдесе білу, сергектік, сенімділік, альтруизм, өзін-өзі ұстай білу, мейірімділік, адамгершілік, тыңдай білу, білуге құмарлық, қайғысын бөлісу, жаны ашу.

Мен бір қасиеттерді екіншіге ауыстыратын сатушы боламын. Кез келген біреуің өзінде жоқ қасиеттеріңнің бірнешеуін таңдап алуыңа болады. Бұл нақты бір қатысушының бойында жоқ немесе онша білінбейтін қасиет. Мысалы, сатыпалушы сатушыдан шыдамдылықты сұрайды. Сатушы одан, шыдамдылық қандай жағдайларда, қаншалықты шыдамдылықты қажет ететінін сұрайды. Мысалы, қатысушы өзінде әзілқойлық қасиеті көбірек болса, сонымен айырбастауына болады...

### «Ешкім де білмейді...» жаттығуы

Қатысушылар бір-біріне доп лақтыру арқылы мынадай сөздерді айтады: «Сіздердің ешқайсыларыңыз білмейсіздер, менде ... қасиет бар екенін».

### «Үшжаңғырық (акустика) жаттығуы»

Қатысушылар шеңбер бойымен тізіліп үнсіз отырады. Оларға көздерін жұмып, көшеден шыққан дыбыстарға 1-2 минут көңіл аудару ұсынылады. Одан соң олар не істегендерін кезекпен айтып шығады.

Осы жаттығу қайталанады. Енді 1-2 минутта бөлменің ішіндегі дыбыстарды тыңдайды. Тағы да не істегендерін кезекпен айтып шығады.

Жаттығу үшінші рет қайталанады. Бұл жолы 1-2 минутқа көздерін жұмып, әркім

өз жан дүниесіндегі дауысты тыңдайды. Соңынан барлығы кезекпен сөйлейді.

#### **«Көктемгі орман» жаттығуы**

Әрбір қатысушы көктем кезіндегі орманда жүргенін елестетеді. Олар өздеріне төмендегі рөлдерді тандап алады:

- көргіштік (көріп тұрмын);
- естігіштік (тыңдап тұрмын);
- түйсінуші (сезінудемін);
- иіс сезгіш (иісті нәзік сезініп тұрмын).

#### **«Толеранттылық ағашы» қорытынды жаттығуы**

Қатысушылардың әрқайсысы бір-бір парақтан алып, мектептегі қарым-қатынастар толеранттылық болуы үшін не істеу керектігін жазады. (Қатысушылар парақ қағазға қандай да бір ағаштың суретін салып, оған өз мектебі «Толеранттылық кеңістік» болу үшін не керек екендігін жазады. Қатысушылар өз пікірін ватмандағы жапырақсыз ағашқа апарып жапсырады, аяқтағаннан кейін оны сыныпқа іліп қояды).

## Анықтама

1.Шара атауы: «Толеранттылық деген не?»

### Мақсаты:

Толеранттылық ұғымын және толеранттылық және толеранттылықтың негізін түсінуге қатысушыларды тныстыру.

Басқа адамдардың және өзін толық, яғнтқанық(адекваттық)тануын дамыту

2.Түрі: психокоррекциялық сабақ

3.Сынып: 8 сыныптар

4.Қатысқан оқушы саны: 18

5.Қатыспаған оқушы саны: 1

Дәлелді: 1

Дәлелсіз: 0

6. Күні: 05.02.2024ж.

7. Уақыты: 16:15

8. Оқу жылы: 2024

9. Сабақтың қорытындысы

Оқушылар осы сабақта «Толеранттылық деген не?» екенін білді. Яғни Толеранттылық дегеніміз бұл өзгені сыйлаушылық, өз лебізінді білдіру түрлерін көрсете білу және адамдық білдіру амалдарын көрсету. Осы сабақта оқушыларға «Мен кімін», «Ешкім де білмейді...» жаттығуы, «Оқушыларға бір-біріне доп лақтыру арқылы» сұрақтар қойылып жаттығулар ойнатылды. Оқушылар бұл жаттығуға түгелдей қатысты. Соңында «Толеранттылық ағашқа» өз ұсыныстарын жазып бідірді.

Педагог-психолог



Махмутова С

Кузенбаева Г





